

Хаттама №1

Қатысуға тиіс:

Қатысқаны:

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. Алдын алу кеңесінің ережесімен танысу
2. «Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбындағы баяндамасы.
3. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстыру.
4. Мектеп психологінің оқушымен жүргізген жұмыстары
5. Сынып жетекшісінің ата-анасына берген ұсынысы

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектебіміздің директоры Күлтаева Л.М. мектебіміздің құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджері Нурахметов А.Б., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дюсембин Т.А.-пен таныстырып өтті. Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу, алдын алу шаралары туралы мектебімізде бірнеше жұмыстар атқарылып жатқаны туралы айтып кетті.. Құқық бұзушылық қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес екенін атап кетті.

Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Дюсембин Т.А. «Буллинг дегеніміз - адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі екендігі айтылды. Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды. Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды. Сондықтан, 10Ә сынып оқушысының ата-анасына баласының мінезіндегі кез-келген өзгерісті бақылау ұсынылды.

Үшінші мәселе бойынша- құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі менеджері Нурахметов А.Б.кылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы – оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру екенінде, бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отырғандығын айтты.Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны азая түседі..Сонымен қатар 10Ә сынып оқушысының ата-анасын мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстырды.

Төртінші мәселе бойынша мектеп психологі ЖанатбековаД.Е.сөз сөйледі. Серікбаева А-ның жеке даму ерекшеліктері туралы, яғни оның танымдық және тұлғалық- эмоционалдық саласы, психофизиологиялық қыр-сырлары, коммуникативтік тілектері, балада бар жалпы және арнайы қабілеттері және т.б туралы айта кетті. Оқушыға мінездеме бере білді.

Бесінші мәселе бойынша 10Ә сыныбының сынып жетекшісі Куюкова А.Н. Серікпаева А.-ның мектеп тәртібін бұзуы, мектеп формасын кимеуі, өзін ортада ұстай алмауы, сабаққа кешігіп келуі туралы сөз сөйледі. Сыныпта құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша бірнеше сынып сағаттарын өткізгендігі туралы тоқталып кетті. Ата- анасына баласына көп назар аудару керектігін айта кетті.

Жарыс сөз:

Серікпаева Айымның әкесі Серікпаев Е.бүгінгі айтылған мәліметтердің маңызы зор екендігін, баланың тәрбиесіне ата-анасы ретінде жауапты екендігін айта келіп,баланың бойына жақсы қасиеттерді сіңіруіміз керек деп өз ойын түйіндеді.Кибербуллинг,буллинг туралы ақпараттық мәлімет алғандығын, алдағы уақытта баланың білімі мен тәртібіне әрбір ата-ана жауапты екенін есте шығармайық деп өз ойын нақтылады.

Қаулы

1. Балалардың өмір қауіпсіздігі, санитарлық талаптары сақталынсын.
2. Оқушылардың сапалы білім мен саналы тәрбие алуына көңіл бөлінсін.

Мектеп директоры:

ДТІЖО:

ҚБАЖМ:

Сынып жетекшісі :

Хатшы:

**Култаева А.А.**
Дюсембин Т.А.
Нурахметов
Куюкова А.Н.
Сейтова Қ.А.